

**Мұрат Насимов**

*Қызылорда «Болашақ» университетінің профессоры,  
«Болашақ» ҒЗИ директоры, саяси ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
қауымдастырылған профессоры  
(Қызылорда, Қазақстан)  
e-mail: nasimov\_m@mail.ru*

**ЖАҒЫМПАЗДЫҚТЫҢ САЯСИ СИПАТТАМАЛАРЫН ТАЛДАУ**

**Аңдатпа.** Қоғамда жағымпаздық пен мадақтау саясаттағы негізгі құралдар деген пікір қалыптасқан. Жағымпаздықтың синонимдес ұғымдарының көптігіне байланысты оны зерттеу де күрделі. Мәселен, ағылшын тіліндегі «adulation», «bootlicking», «flattery», «grovelling», «sycophancy», «toadying», «truckling» түсініктерін синонимдер ретінде пайдаланып жатады. Берілген мақалада жағымпаздықтың саяси сипаттамаларын айқындау үшін «flattery» синонимін пайдаландық. Зерттеу жұмысының мақсатына жағымпаздық белгілері бар әрекеттердің саяси сипаттамаларын ұсыну жатады. Бұл мақсат саясаттағы жағымпаздықтың құрылымдық ерекшеліктерін айқындау қажеттілігінен туындады. Мақсатқа жету үшін «Скопус» базасында әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша осы уақытқа дейін индекстелген мақалалар қаралып, табылған 166 мақала сарапталды. Нәтижесінде саяси ғылымдарға қатысы бар деп тапқан 24 әдебиетке ерекше назар аударылды.

**Түйін сөздер:** жарамсақтық, мадақтау, билік, жағымпаздық әдістері, жағымпаздық белгілері.

**Мурат Насимов**

**АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ ХАРАКТЕРИСТИК ПОДХАЛИМСТВА**

**Аннотация.** В обществе сложилось мнение, что подхалимство и лесть являются основными инструментами в политике. Из-за большого количества синонимичных понятий подхалимства, его изучение также является сложным. К примеру, английские понятия такие как «adulation», «bootlicking», «flattery», «grovelling», «sycophancy», «toadying», «truckling» используются как синонимы. В данной статье мы использовали синоним «flattery» для определения политических характеристик подхалимства. Целью исследовательской работы является представление политических характеристик действий с признаками подхалимства. Эта цель была продиктована необходимостью выявить

структурные особенности подхалимства в политике. Для достижения цели на базе «Скопус» были рассмотрены индексированные до настоящего времени статьи в области социальных наук и проанализировано 166 найденных статей. В результате особое внимание было уделено 24 литературам, которые имеют отношение к политическим наукам.

**Ключевые слова:** *угодничество, восхваление, власть, методы подхалимства, знаки подхалимства.*

---

**Murat Nassimov**

#### **ANALYSIS OF THE POLITICAL CHARACTERISTICS OF FLATTERY**

**Abstract.** There is an opinion in society that flattery and sycophancy are the main tools in politics. Due to the large number of synonymous concepts of flattery, its study is also difficult. For example, English terms such as “adulation”, “bootlicking”, “flattery”, “grovelling”, “sycophancy”, “toadying”, “truckling” are used interchangeably. In this article, we have used the synonym “flattery” to define the political characteristics of flattery. The purpose of the research work is to present the political characteristics of actions with signs of flattery. This purpose was dictated by the need to identify the structural features of flattery in politics. To achieve the purpose, reviewed indexed Scopus articles in the social science to date and analyzed found 166 articles. As a result, special attention was paid to 24 literatures that are related to the political sciences.

**Keywords:** *subservience, glorification, authority, methods of flattery, signs of flattery.*

---

#### **Kіpіcne**

Қоғамдағы жағымпаздық пен мадақтауға байланысты теріс қалыптасқан көзқарастарға сәйкес зерттеліп отырған мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі жоғары деп ойлаймыз. Бүгінде көпшілік арасында жағымпаздықты саясатта қолдануға болатын негізгі құралдардың бірі деген ойдың барын баршамыз білеміз. Жағымпаздыққа бұрыннан қоғам мүшелері негативті қарағанмен, оның белгілерін күнделікті кездестіріп жүргеніміз анық.

Америкалық ғалым W.G. Regierдің 2007 жылы жарық көрген «In praise of flattery» атты еңбегінің жағымпаздықты зерттеудегі рөлі зор. Бұл еңбегінде ғалым жағымпаздыққа қатысты көзқарастарды жиынтықтап, жүйелейді [1]: «Гоббс мұны құрметті міндет деп санады, ал Мередит (викториандық дәуірдің ағылшын жазушысы) оны «өнердің ең жақсысы» деп атады. Ескендір Зұлқарнайын империялық саясат ретінде қолданды; Цезарь мен Клеопатра жағымпаздыққа шебер болды; Наполеон оны «кәмпит» сияқты жұтып қойды. Бірақ, жағымпаздықтың ықпалды жаулары да бар. Цицерон жағымпаздықты «көргенсіздіктің қызметшісі» деп атаса, Тацит оны умен салыстырды. Уиллис Гот Режье (кітап авторы) жағымпаздықты оттегі сияқты жанғыш элемент ретінде қарастырады. Режье саясат, романтика және дін саласындағы ең жоғары

---

элеуметтік топтардың, Византия мен Қытай сарайларынан Парижге, Римге және Вашингтонға дейін жағымпаздыққа қатысты жиналған жүздеген тарихи мысалдарын таныстырады. Жағымпаздық ұнамды болуы үшін ойнақылық пен креативтілік қажет, сондықтан осы қажеттілікті Режье өз кітабында барынша тиімді пайдаланады. Өршіл жағымпаздар тіпті Құдайға жағымпаздануға тырысады, Режье бұған үреймен қарайды. «Уа, маған жағымпаздан, өйткені махаббат мақтауды жақсы көреді» – Шекспир. «Бүкіл әлем мен ондағы істерді жағымпаздық пен парадокс билейді; бірі жалған құдайларды жасайды, ал екіншісі оларды қолдайды» – Сэр Роджер Л’Эстрейндж (ағылшын памфлетисті). «Әділ мадақ – бұл жай ғана міндет, ал жағымпаздық – сыйлық» – Сэмюэл Джонсон (ағылшын әдебиет сыншысы). «Осы ұйымдаспаған қоғамда жалғыз нақты күш халықтың құмарлығына тиесілі, билікті жағымпаздана білетін партия иеленеді» – Ипполит Тэн (француз философы)».

Француз философы М. Фуко риторика мен жағымпаздықты салыстыру арқылы риторикалық паррезияда жарамсақтық белгілерінің жоқтығын айтады [2]. Паррезия немесе ашық сөйлеу әдетте афиналық демократиямен тығыз байланысты тәжірибе ретінде түсініледі. Бірақ демократиялық емес режимдерде паррезияны қолдануға болады. Паррезия демократиялық елдерде де, автократияларда да пайдалы болуы мүмкін, бұл жағымпаздық риторикасына қарсылықтың ықтимал әрекеті ретінде қызмет етеді [3]. Кез келген әдеби шығармадағы (мысалы, ода) немесе сөйлеудегі мадақтау болып табылатын «Панегирик» (латынша *panegyrikus* – жалпыхалықтық салтанатты жиындағы мақтау сөздер, мадақтау) Антика заманында тренд болды десек, XIX ғасырдан бастап негізсіз мақтау ретінде бағаланады. Плинийдің «Панегирик» еңбегіндегі сөйлеу стратегиялары императорларға жағымпаздандудың үлгісін көрсеткен [4]. Ежелгі Грецияның ақыны Пиндар сицилиялық тирандарға мадақтау одаларын көп жазғандардың бірі. Көне деректерде ақын клиенттерінің тапсырысы мен ақшалай төлемдері бойынша міндетін орындаған, шын мәнінде бұл іскерлік қарым-қатынас болғандығы жазылады [5]. Әл-Ғазали жағымпаздықты бостандыққа төнетін ерекше қауіп ретінде анықтап, оның үстемдігіне қарсы ойларын өз доктриналарында жазған [6]. Автор бұл ойын Әл-Ғазалидің үстемдікке қарсы мұсылмандық қауымның есеп берушілік құбылысы ретінде түсіндірген. Демек, жағымпаздық кез келген адамның бостандығына кедергілер келтіреді.

Жалпы жағымпаздықта әдепсіздік пен ізетсіздіктің белгілері бар және оның түпкілікті негізгі екі мақсатына жатады: өзін-өзі кемсіту және өзгені мадақтау [7]. Жағымпаздық барысында кейде адам өзін кемсітіп жатқанын түсіне бермейді. Өзін кемсітушілік оның іс-әрекеттеріне дұрыс баға берілмеуінен орын алуы мүмкін. Жағымпаздық әрекеттерге өз дағдылары мен қабілетін бағалай алмаған адамдар барады деп ойлаймыз. Бұл ақырында өзіне деген сенімсіздікті ұдайы жадысында сақтап отыратын, өзін-өзі төмен бағалайтын, басқалардың жеке басынан артықшылығын танытатын өзін кем сезінуге әкеледі.

Саяси коммуникациялар саласында саяси оппоненттерге сөзбен шабуыл жасаудың салдары бұрыннан зерттеліп келеді. Алайда, мұндай қарсыластарға жағымпаздықтың әсері аз түсіндіріледі. Саяси оппонентті мадақтау аудиторияда жағымды эмоциялар тудыратынын, бұл өз кезегінде кандидатқа сенімділікке оң әсер ететінін және оған дауыс беру ықтималдығы артатындығы экспериментпен дәлелденген. Керісінше, қарсыласқа жасалған шабуылдар жиіркенушілік тудырған және бұл оның сенімділік деңгейіне теріс әсер етіп, дауыс беру ықтималдығын төмендеткен [8].

Отандық ғылымда, әсіресе саяси ғылымдарда жағымпаздықты кешенді зерттеген еңбектер жоқ деп айтуымызға болады. Жағымпаздық туралы пікірлерді тек отандық бұқаралық ақпарат құралдарынан көруге (*Қараңыз:* «Отвратительное подхалимство». Карьерный рост после хвалебных од [Электронды ресурс] // URL: <https://www.youtube.com/watch?v=IVvRligG1q0/> (қаралған күні: 05.09.2021); Помогает ли подхалимство казахстанским чиновникам? Электронды ресурс] // URL: <https://www.youtube.com/watch?v=VaoA2sPUFPs> (қаралған күні: 01.02.2022)) және оқуға (*Қараңыз:* Тусупбекова Л. В обществе воцарились произвол и подхалимство – сенатор [Электронды ресурс] // URL: <https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/v-obshchestve-votsarilis-proizvol-i-podhalimstvo--senator> (қаралған күні: 01.02.2022); Подхалимы не мы [Электронды ресурс] // URL: <https://zonakz.net/2004/06/01/подхалимы-не-мы/> (қаралған күні: 05.09.2021)) болады. Елімізде жағымпаздық пен жарамсақтықты билік атрибуттарының бірі ретінде санайтындар кездеседі. Әркім өзінің басшысына деген шексіз құрметін терең және өте әсерлі түрде білдіруді өзінің міндеті деп санайды (*Қараңыз:* Байжунусов Э. Подхалимство и лесть – один из атрибутов власти, мы это видим ежечасно [Электронды ресурс] // URL: <https://tengrinews.kz/opinion/podhalimstvo-lest-odin-atributov-vlasti-eto-vidim-ejchasno-930/> (қаралған күні: 29.11.2021)). Расында да басшыға құрмет қызмет бабына сай «мәжбүрлі» түрде болмауы керек. Қызметкерлер құрметін әрбір басшы өз тәжірибесі мен идеялары арқылы иеленгенін дұрыс көреміз.

Халық арасында жағымпаздыққа қатысты теріс көзқарастардың қалыптасуы және бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың көптігі мәселенің өзекті екенін байқатып отыр. Жағымпаздық түсінігінің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі синонимдес ұғымдарының көптігі зерттеу жұмыстарын жүргізуге күрделілік туындатып отыр. Сондықтан жағымпаздықтың саяси сипаттамаларын анықтау мақсатында «flattery» ұғымын пайдалануды басты мақсат ретінде қойып отырмыз. Ұғымды пайдалану барысында ең алдымен саяси өмірдегі жағымпаздықтың құрылымдық ерекшеліктерін айқындау міндетін шештік. «Flattery» ұғымы арқылы жағымпаздықтың табиғатын айқындауға ұмтылған, «Скопус» базасында индекстелген зерттеулер жағымпаздықтың саяси сипаттамаларын айқындау міндетін жүзеге асыра алды.

## Зерттеу әдістері

Бұл мақаланың мақсатына жағымпаздық түсінігінің ғылыми зерттеулердегі саяси сипаттамаларын талдау арқылы нәтижелерін жүйелеу жатады. Шолу үшін «Flattery» кілт сөзін таңдау арқылы ғылыми жарияланымдарға сараптама жүргізілді. Басты әдіс ретінде ғылыми әдебиеттерді шолу негізіндегі жүйелік талдау қолданылды. Мәліметтерді өңдеу «Скопус» базасында жүргізілді. Нәтижесінде 24 әдебиетке ерекше назар аударылды. Мәселені зерттеу барысында салыстырмалы, тарихи, құрылымдық-функционалды және институционалдық тәсілдердің әдістері маңызды орын алады.

## Зерттеу нәтижелері

Классикалық риторика жағымпаздыққа кеңес береді; қазіргі кеңесшілердің бұл пікірге сенімдері аз. С. De Haan, B. Andeweg, W. Blokzijl [9] «SEFI 2005 Annual Conference: Engineering Education at the Cross-Roads of Civilizations» ғылыми конференциясындағы баяндамасында «Қазіргі заманда сөйлеу барысында жағымпаздық әдістерін қолдану тиімді ме, әлде кері әсер ете ме?» деген сауалға жауап іздейді. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, сөйлеушінің өз аудиториясын тілектес ету үшін қолданылған жағымпаздану әрекеті сәтті болмады. Жағымпаздық этикасы жағымды жаққа ауыспайды және ұсынылған материалды бағалау оң бағытта өзгермейді. Сөйлеушінің шынайылығы жағымды болып көрінгенімен, мадақтау мен жағымпаздықты шамадан тыс пайдалану тыңдаушыларды алаңдатқан. Сондықтан жағымпаздық әдістерін қолдануда абай болу керек секілді.

Жағымпаздық классикалық Афинадан бастап XVIII ғасырдағы Америка ойшылдарын қызықтырғанымен, жиі назардан тыс қалып отырған саяси құбылыс. Үгіт-насихаттық және стратегиялық жағымпаздық ажыратылған «Flattery and the history of political thought: That glib and oily art» [10] атты еңбекте саяси ойлар тарихындағы бірқатар мәтіндердің жаңа түсіндірмелері ұсынылады. Цицерон, Плиний, Кастильоне, Макиавелли, Гоббс, Мандевиль, Смит және федералистік/антифедералистік пікірталастар талқыланған еңбекте риторика, республикашылдық және демократиялық теория туралы қазіргі заманғы саяси ойларын байытуға септігін тигізеді. Сондықтан жағымпаздық пен саяси ойдың тарихы сарапталған жұмыста жағымпаздықтың саяси теорияға тарихи маңыздылығын және өзектілігін көрсетеді.

Паррезия туралы жоғарыда атап өткеніміздей, Аристофанның «Рыцарлары» еңбегінде паррезияны ашу түрінде пайдаланудың қауіптілігін Клеонның (өз заманының радикалды демократияның жетекшісі) орынбасары болған Педрагонның қарт кісі Демостың Афинадағы шаруашылығын қиратудан көруге болады. Осы ахуалда Педрагонның паррезиясы мен еркін бостандыққа шақыруы қоғамда хаос тудырып, ойларының өміршеңдігіне қауіп төндіретін жағымпаздықтың деструктивті түріне айналады. E. Markovits [11] өз зерттеуінде демократиялық Афинадағы паррезия мәселесі мен Клеонның бұл мәселелерді қалай сипаттайтынын талқылайды. Аристофанның «Рыцарларын» қарастыру барысында ол драматургтің зерттеулері мен реакциясын дәйектейді.

Аристофан қарт Демостын бейнесін қаланың құлдырауының метафорасы ретінде пайдаланады, бұл оның демосты сынауға да, қолдауға да мүмкіндік береді. Бұл тұста Аристофан кәрілікке де өзінің алаңдаушылығын білдіретін секілді. Оның демофилияның «жеңгетайлыққа» апаратын бұзық логикасы, оның қоғамға деген теріс пиғылын анықтауы қызығушылық тудырады. Бұдан шығатын қорытынды, паррезия ашық сөйлеу үлгісі болса да, тапсырыс арқылы жағымпаздық жасауға болады деуімізге болады.

Мин империясы (1368-1644) кезіндегі барлық таптар өз қалаларындағы бюрократиялық кадрларды таңдауда және мемлекеттік саясатты белгілеуде теориялық тұрғыдан дауыс құқығын иеленбеді. Халық заңды саяси дауысты алуға талаптану жолында «Аспан мандаты» (билеуші династияны легитимдендіру көзі ретінде пайдаланылатын дәстүрлі қытай саяси мәдениетінің негізгі тұжырымдамаларының бірі) ортодоксалды идеологиясының динамикалық шиеленістерін пайдаланған. Мысал ретінде S. Schneewind [12] қызметі өсіп, басқа лауазымдарға ауысқан үздік магистраттар мен префекттерге алғыс білдіру үшін салынған ғибадатханалар кейін қажетті қызметі үшін шенеуніктерге жасалған жағымпаздық деп күдіктенгенін айтады. Осындай жемқор дворяндық тармақты айыптауды алдын алу үшін ғибадатханаларға арналған стелаларда жергілікті қарапайым халықтың дауыстары бірікті деген тұжырым қалыптасқан. Бұл автократия мен таптық езгіде өмір сүріп жатқан қарапайым халықтың саясат пен саяси қызметкерлерге ықпалын стелаларды орнату арқылы империялық басқарудың үстемдігін көрсетеді. Осы кезеңде жағымпаздықты жоққа шығару үшін ғибадатханалардағы жазбаларды пайдалану негізінде халықтың саяси қатысуын заңдастыра алды деуімізге болады.

A. Llosasanzтің [13] зерттеу жұмысында танымал люциандық мысал мен Мигель де Сервантестің (1547-1616) «Эль-Колокио-де-лос-Перрос» шығармасындағы өсекші ит тақырыбы арасындағы байланыс айқындалады. Мысалда сатира мен келемеждің құдайы Момус иттерге адалдық пен жадыны, ал жыланға жағымпаздық пен қулықты бергендігі баяндалады. Автор Момус мысалында Сервантес шығармасындағы иттердің әр адамның жүрегіндегі шынайы және жасырын ниеттерді аша алатындығын дәйектейді. Сервантес өсекпен айналысатын Берганца (иттің аты) мысалында өтірік пен алдауды әшкерелейді. Бұл шығарма адамның алдамшы саяси табиғатын көрсете алды деп ойлаймыз.

D.J. Karust [14] өз мақаласында Т. Гоббстың (1588-1679) монархияны қорғауын жағымпаздық мәселесі тұрғысынан қарастырады. Бұл ретте ол Гоббс зерттеулеріндегі республикашылдыққа қатынасы мен оның риторикаға қатынасы екі негізгі мәселесін қозғайды. Монархтың жағымпаздыққа бейімділігіне негізделген монархияның сынына тап болған тұста Гоббс монархияны оның унитарлық табиғатының артықшылықтарына назар аудара отырып, қорғайды. Гоббстың айтуынша, монархтардың ізгілігіне жағымпаздыққа қарсы тірек ретінде қараудың орнына, монархтың өзгешелігі кеңістік пен жағымпаздық мүмкіндіктерін азайтады.

---

Испандық алтын ғасырдың ақыны әрі прозашысы Франсиско Гомес де Кеведоның (1580-1645) саяси алаңдаушылығы абсолютизм дәуіріндегі патша сарайларындағы әлеуметтік-мәдени құбылысқа айналған фаворитизммен байланысты болды. Алғашқы шығармасы болып табылатын «Discurso de las privanzas» еңбегінде ол министрдің өзін ұстаудың моделін ұсынады. Ал «Cómo ha de ser el privado» пьесасында корольдік фаворитизмге ерекше мән берген. S. Fernández Mosquera-ның [15] пікіріне сәйкес, бірінші еңбек теориялық трактат болса, пьесада жағымпаздықтың белгілері бар. Пьеса өзінің екі ұштылығына байланысты қоғамдағы қажетті нәтижесіне жете алмаған және көпшілік фаворитизм мадақталған деп айып тақты. Демек, қоғам мүшелері кез келген әдеби шығармадан жағымпаздық үлгілерін табуы мүмкін деуімізге негіз бар. Расында Кеведо патша мен оның министрлеріне фаворитизмнің бұрыстығын түсіндіру арқылы қоғамдық өмірге ықпал етуге қатысқысы келген секілді.

Француз жазушысы Мадлен де Скюдеридің (1607-1701) «Conversations» (Әңгімелесулер) (1680–1692) шығармалар жинағындағы тұжырымдар бір қарағанда корольді жақтаушыларға жағымпазданатын секілді. Дегенмен, мұқият зерделеу барысында халықтың «үміт көкжиегі» оқырманды жанама түрде мәдени кеңістіктің жаңа түріне енуге дайындайды. Негізі шығармалар жинағының мақсаты екі жақты: патшаның жанындағылардың өзін-өзі жаңартуға деген ұмтылысына сендіру және осы өзін-өзі жаңарту жалғыз даму кеңістігі екендігін түсіндіру [16]. Бұл тағы да шығармашылық жұмыстар арқылы жағымпаздықты дамытуға немесе тоқтатуға ықпал жасауға болатындығын көрсетеді.

Испан ақыны және жазушысы Энрике Лопес Аларкон (1881?-1963) өткен ғасырдың 40-жылдары саяси ұстанымдарына байланысты Доминикан Республикасында қысқа қуғында болады. Осы қуғындағы жылдары ол бірнеше өлеңдерін жазып, Испанияда республикалық саясатты ұстанғандығына қарамастан, генерал Рафаэль Л. Трухильоның (Доминикандық мемлекет және саясат қайраткері, 1930 жылдан 1961 жылға дейінгі елдің іс жүзіндегі билеушісі) қайраткерлігіне құрмет көрсетіп, сол арқылы жаңа тұрғылықты жеріндегі режимнің қолдауына қол жеткізді. Бұл мадақтау өлеңдерінің табиғаты бізге диктатордың Доминикан азаматтарына ғана емес, Еуропадағы соғыстардан құтылу үшін Кариб теңізі жағалауына келген шетелдіктерге қатысты жүргізген бақылау саясатын түсінуге көмектеседі. Бұл антифашистік босқындардың Франсиско Франко, Адольф Гитлер немесе Бенито Муссолини секілді тирандық басқарудағы елде болуы оларға экономикалық және моральдық көмек алуға мүмкіндік беретін мақтау сөздерінің арқасында мүмкін болды [17]. Бұл шығармашылық өкілдерінің мемлекет басшыларын өз әдеби еңбектері арқылы манипуляциялай алады деген сөз.

M. Violi [18] Италияны еркін саяси институттардың елі деп бағалағанымен, Сильвио Берлускониді жағымпаз жеңіл мінезді әйелдер елін құрды деп сынайды. Violi классикалық республикалық еркіндік тұжырымдамасына сүйене отырып, халық езгіге ұшырамаса да, тәуелді болуы мүмкін екенін

көрсетеді. Бұл тәуелділікке үкімет пен бұқаралық ақпарат құралдарын толық бақылау негізінде өз еркінше жүргізген билік пен үлкен байлық апарарды. Билік заңды негізде жұмыс жасап, адамның негізгі құқықтарын сақтаса да, халықты тәуелді ретінде ұстау туралы ойлар пікірталас туындатуы мүмкін. Бірақ қоғам мүшелері саяси элита жетегінде заңға бағыну мен азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуы ықтималдығын ұмытпаған жөн. Vigolдің итальяндық қоғамда қалыптасқан (1) жарамсақтық; (2) ықпалды адамдарға соқыр адалдық; (3) өтірік айтуға бейімділік; (4) бет-әлпетке бар ынтасын салу; (5) имитация (имитацияны ең шынайы жағымпаздықтан да әлдеқайда жаманырақ деген пікірдегі (қараңыз: Snodgrass J.G. Imitation is far more than the sincerest of flattery: The mimetic power of spirit possession in Rajasthan, India // Cultural Anthropology, 2002. - №17(1). - P. 32-64. doi: 10.1525/can.2002.17.1.32) және имитацияны жағымпаздықтың ең жақсы түрі деп атаған еңбектер де бар (қараңыз: Winn N. In search of Europe's internal and external borders: Politics, security, identity and the European Union // Perspectives on European Politics and Society, 2000. - №1(1). - P. 19-48. doi: 10.1080/1570585008458742); (6) сайқымазақтық; (7) көнгіштік және (8) бағыныштылық жағымпаздыққа тән белгілер деп ойлаймыз. Бұл ерекшеліктер саясаткерлердің ғана емес, қарапайым басшы азаматтардың арасында да байқалатын менмендікпен қатар жүреді.

J. Yangтың [19] пайымдауынша, субъектінің қалыптасуындағы және Қытайдың саяси экономикасындағы өзгерістер жұмыс орнындағы жағымпаздық тәжірибесін талдауға итермелеген. Жағымпаздық бағынушының ризашылық, қорғауға немесе басқа да артықшылықтарға ие болу үшін басшыларына бағытталатын, олардың ойы бойынша кез келген игі іс-әрекетті білдіретін қимыл. Жарамсақтық немесе жағынушылықты білдіретін жағымпаздық социалистік жұмыс орнында бос әрекет ретінде бағаланады. Жағымпаздық әрекетке адамдар жан-жақты автократиялық жүйенің шамалас емес күшіне қатысты өз ұстанымының белгісіздігінен, өмір сүріп отырған қоғамда аман қалу үшін барады. Неолибералдық экономикалық қайта құрылымдау нәтижесінде пайда болған социалистік жұмыс бірліктері жүйесінің біртіндеп ыдырауы жағымпаздық тәжірибесін төмендететін сияқты. Демек, жағымпаздық неолибералдық экономика ұстанымдарына қарсы. Мадақтаудың стратегиялық түрі ретінде жағымпаздық шенділерді дәріптеу арқылы әлеуметтік иерархия мен бюрократиялық билікті күшейтеді; жағымпаздық Қытайдағы «еркіндік» және «өзін-өзі жігерлендіру» секілді неолибералдық тіректердің кейбірімен үндесетін жеке мүдделерді дамытады.

Әлеуметтік капиталды құрудың және қолдаудың негізгі құралы болып табылатын жағымпаздық жарамсақтыққа бейімделген адам капиталы мен әлеуметтік қоғамға зиян келтіретін мінез-құлық тудыруы мүмкін [20]. Жағымпаздық немесе пікірмен талассыз келісу секілді жарамсақтықтың белгілері объектіге жағымды әсер тудыруы мүмкін болса да, объектіге жағымсыз ықпал етуі де болжанады. Яғни, жағымпаздық өз кезегінде тұлғааралық қарым-қатынастарға зиян келтіруі мүмкін. Демек, басшыға



жағымпаздана білген адам оның лауазымын бағалайды және ол қызметтен кетсе жағымпаздық белгілері сақталатындықта кепілдік жоқ.

Жағымпаздық адам санасы мен эмоцияларына әсер етуді басқарудың түрі және тұлғааралық қарым-қатынаста сендіру құралы екенін ескерген N. Savazza және M. Guidetti [21] кездесу кезінде аудиторияны мадақтайтын жалған саяси кандидаттың әсерін эксперимент ретінде зерттеген. Жағымпаздық қатысушылар жататын әлеуметтік категорияға (тікелей жағымпаздық) немесе өзге әлеуметтік категорияға (бақыланатын жағымпаздық) бағытталған. Көпшілік алдында жағымпаздық сипаты бар сөздерге (бақылау жағдайымен салыстырғанда) мақтауға масаттанған аудитория мүшелері, бақылаушылар да оң бағасын берген. Авторлардың пайымдауынша, жағымпаздықтың әсері сөздердің дәлдігі, сөйлеушінің жасырын істеріне күдікпен қарау және аудиториямен сәйкестендіру деңгейімен сәйкес келмеген. Бұл аудиторияға арналған қошеметке жағымпаздануға көндіккен мүшелер категориясының өзара жауап беруі, ал бақылаушылардың дереккөздер қатынасына рекурсивті түрде жеткізетіндігін білдіреді.

R. Danziger [22] жағымпаздықты тиімді және тиімсіз әлеуметтік мінез-құлық арасында сөйлеу мәнерінің стратегиялық элементін алға шығаратын әлеуметтік құбылыс ретінде баға береді. Маркетинг пен әлеуметтік психологияда жағымпаздық зерттелгенімен, прагматикалық әдебиеттер бұл құбылыстың өзара байланыстар кезіндегі сыпайылық стратегиясын бағалауды түсіндіру процесіне қатысушыларды ақпараттандыра алатын мүмкіндігіне қарамастан мән бермеді. Зерттеулерге қатысқан азаматтар пікірлерінің нәтижелеріне қарағанда, өзара байланыстар шеңберінде жағымпаздықтың 3 негізгі қызметі бар деп болжауға болады және оны вербалды әрекеттер арасынан тануға болады (№1-кесте):

**№1-кесте. Өзара байланыстар шеңберіндегі жағымпаздықтың 3 негізгі қызметі.**

№	Қызметі	Сипаттамасы	Мысал
1	Транзакциялық	Жағымпаздық мақтаушының қалауын қанағаттандыруға бағытталады. Мұнда жағымпаздық тауарларды сатуға ынталандырған маркетингтік зерттеулерде қолданылады. Қызметтің жағымды әсері адамның бір қимыл жасауына итермелеу немесе өтінішімен келісу үшін қолданылады.	25 жастағы әйел қызмет алу бойынша бірінші кездесуінде нұсқаушы оған құрметпен қарағаннан қосымша он екі кездесу сатып алғанын айтады. Қаржылық операциядан кейін нұсқаушы құрмет көрсетуін қойды және әйел оның манипуляциялағанын кеш түсінді. Бұл сайлау науқаны кезіндегі уәделерге ұқсайтын секілді.
2	Өзін-өзі жарнамалау	Әлеуметтік психология мен ұйымдастырушылық әлеуметтануда жағымпаздықтың негізгі түрткісі ретінде талқыланады және адамның ұнату сезімін тудырудың түпкілікті мақсатын көздеу арқылы имиджді басқарады.	44 жастағы әйелдің айтуынша, баласының балабақшадағы тәрбиешісі ата-анасымен WhatsApp арқылы кез келген қатынасты әрқашан жағымпаздықпен бастап, жақсы әсер қалдыруға тырысады. Әлеуметтік желілердегі әрбір атқарған жұмысын көрсетіп отыратын шенеуніктің өзін-өзі жарнамалауына ұқсайды.

№	Қызметі	Сипаттамасы	Мысал
3	Реляциялық	Жағымпаздық қарым-қатынасты орнату мен жақсарту немесе бұзылған қарым-қатынасты түзету үшін қолданылады. Стратегия ретіндегі реляциялық қызмет ынтымақтастыққа бағытталған.	34 жастағы ер адам өзін «жақсы сезіну үшін» көңілі түскен құрбысын мақтағанын айтады. 21 жастағы әйел құрбысы оның көмегін бағалайтынына көз жеткізгісі келгенде, тексерулер шектен шығып кеткенін айтады.

Бұл қызметтер бір-бірін толықтырып отырады. Мәселен, басшының ықпалына ие болуға бағытталған жағымпаздық, саяси қызметтегі жоғарылау секілді белгілі бір табысқа әкелуі мүмкін деп айтуға болады. Дегенмен, бұл сипаттамаларды жарамсақтықтың негативті жағы ретінде қабылдауымызға болады.

R. Danzigerдің [23] кезекті зерттеулерінде көрсетілгендей, жеке басқа табынушылық саяси легитимдікті сақтаудың стратегиясы болып табылады. Саяси көшбасшыға шамадан тыс жағымпаздану салдарынан легитимдеудің демократиялық әдістері болмаған жағдайда көшбасшының орыны осылайша бекітіледі. Демократиялық көшбасшыларға үйреншікті қоғамдық жағымпаздық ғалымдардың назарын аудармаса да, авторитарлық қоғамдағы белгілері демократиялық процестерге қауіп төндіруі мүмкін. R. Danziger саяси жағымпаздықты тек өзін-өзі жарнамалаудың құралы ғана емес, эпидейктикалық риториканы манипуляциялық және антидемократиялық қолдану ретінде түсіндіреді. Аристотельдың «Риторикасында» кездесетін эпидейктикалық риторика немесе эпидейктикалық шешендік өнер біреуді немесе бір нәрсені мадақтайтын немесе айыптайтын сөз немесе жазба саналады. Сонымен қатар, R. Danziger пікірінше, жағымпаздық шешімдерді кеңесе отырып қабылдау мен есеп беруге міндеттілікке және пікірлер немесе мүдделердегі айырмашылықтарды ұжымдық және бейтарап саяси тәжірибеге біріктіру процесіне кедергі келтіреді. Айналасын жағымпаздармен толтырған көшбасшылар өз пікірлері мен әрекеттерін сол көшбасшыға ұнайтын құбылысқа сәйкестендіреді.

Сыртқы келбетке арналған қошемет жағымпаздықтың белгісі екендігі белгілі. Израильдік және германдық ғалымдар сыртқы келбетті мадақтаудың когнитивті қабілетке ықпалын зерттеді. Мәселен, зерттеуге қатысқан 88 израильдік университет студенттеріне құзыреттіліктеріне емес, сыртқы келбеті үшін қошемет жасалған және мақтау алмаған бақылау тобындағы әйелдерге қарағанда математикалық қабілеттерін нашар көрсеткен. Сыртқы келбетін мадақтау қатысушылардың көңіл-күйінің жақсаруына әкелгенімен, әйелдер мен ерлердің математикалық көрсеткіштерін төмендетті [24]. Бұл қарапайым мысал кез келген жағымпаздықтың құрбаны саяси тұрғыдан манипуляцияланатындығын көрсетеді және ілгері жылжу болмайтындығын дәлелдейді.

### Қорытынды

Қоғамымызда жағымпаздықтың болуы ащы шындық. Жоғарыдағы тұжырымдарды қарап отырсақ, жағымпаздыққа байланысты түрлі көзқарастар

---

қалыптасқан. Тіпті танымал философтар арасында жағымпаздықты қорғағандар бар екендігін байқадық. Сондықтан алдағы уақытта қазақ ойшылдарының пікірлерін де сараптаған жөн деп ойлаймыз.

Әрине, паррезияны ашық сөйлеу, сөйлеудегі турашылдық пен шынайылық деп бағалағанымызбен, мұнда демофилияның белгілері бар. Көптеген батыстық ғылыми еңбектерде демофилияны халыққа деген сүйіспеншілік деп көрсетіледі. Бірақ, осы халыққа деген сүйіспеншілікте демагогтық әрекеттер болуы ықтимал.

Жағымпаздық біреуді (мәселен, басшыны) манипуляциялаудың жолы. Кез келген жарамсақтық пен мадақ білдіру адамның дамуына кедергілер келтіреді. Жалпы осы жағымпаздық саяси мәдениетте көптеген қиындықтар әкеледі. Жағымпаздық кесірінен қоғам мен мемлекеттік саясаттағы психологиялық ахуал нашарлайды, жүйедегі қабілетті және еңбекқор мемлекеттік қызметшілер бағаланбайды, саяси көшбасшылар өзін-өзі сынау қабілетін толығымен жоғалтады.

Имитация, оның ішінде саяси имитация қоғам өмірінің барлық саласын қамтып отырғаны даусыз. Жалпы саяси имитацияны қолдайтындар да, қарсылар да кездесетіндігін байқадық. Дегенмен, көптеген еңбектерде имитацияны жағымпаздықтың ең жоғарғы түрі ретінде бағаланатындығы толғандырып отыр. КСРО құлағаннан кейінгі тәуелсіздік алған елдерде нарықтық реформалар саяси өзгерістерге әкелгенін білеміз және мемлекеттер Батыс құндылықтарына еліктей бастады. Елімізде саяси модернизация процесі жалғасады және бұл Жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси реформалар әкелуі тиіс деп ойлаймыз. Бұл тұста осы бағыттағы қимылдар саяси имитацияға айналмаса дейміз.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Regier W.G. (2007). In praise of flattery. - University of Nebraska Press, 2007. – 189 p.
2. Walzer A.E. Parrësia, Foucault, and the Classical Rhetorical Tradition // Rhetoric Society Quarterly, 2013. - №43(1). - P. 1-21. doi: 10.1080/02773945.2012.740130
3. Landauer M. Parrhesia and the demos tyrannos: Frank speech, flattery and accountability in democratic Athens // History of Political Thought, 2012. - №33(2). - P. 185-208.
4. Gibson B. Managing the past: Plinian strategies in the panegyrici latini // Arethusa, 2013. - №46(2). - P. 217-240. doi: 10.1353/are.2013.0011
5. Maehler H. Pindar und die Tyrannen // Acta Antiqua Academiae Scientiarum Hungaricae, 2011. - №51(1). - P. 1-7. doi: 10.1556/aant.51.2011.1.1
6. Decosimo D. An umma of accountability Al-Ghaza "li" against domination // Soundings, 2015. - №98(3). - P. 260-288. doi: 10.5325/soundings.98.3.0260
7. Holgado E.C. Non-verbal expressions as performative statements: Prepositional constructions and emphatic appeals // Circulo de Linguistica Aplicada a la Comunicacion, 2016. - №66. - P. 3-22. doi: 10.5209/CLAC.52767
8. Cavazza N. The tone dilemma: Comparing the effects of flattery and verbal aggression in a political speech // Journal of Language and Social Psychology, 2017. - №36(5). - P. 585-598. doi: 10.1177/0261927X17698186
9. De Haan C., Andeweg B., Blokzijl W. You're the best: Ingratiation techniques in informative presentations // SEFI 2005 Annual Conference: Engineering Education at the Cross-Roads of Civilizations, 2005. Ankara, 7-10 September. – 112883. – P. 207–213.
10. Kapust D.J. (2018). Flattery and the history of political thought: That glib and oily art. - Cambridge University Press, 2018. – 230 p.
11. Markovits E. As if we were codgers: Flattery, parrhêsia and old man demos in Aristophanes' Knights // Polis, 2012. - №29(1). – P. 108–129. doi: 10.1163/20512996-90000198

12. Schneewind S. Beyond flattery: Legitimizing political participation in a Ming living shrine // *Journal of Asian Studies*, 2013. - №72(2). - P. 345-366. doi: 10.1017/S0021911812002203
13. Llosasanz A. About dogs, wolves, snakes and roses: Berganza and the maske of memory of momus // *Anales Cervantinos*, 2012. - №44. - P. 159-172. doi: 10.3989/anacervantinos.2012.008
14. Kapust D.J. The problem of flattery and Hobbes's institutional defense of monarchy // *Journal of Politics*, 2011. - №73(3). - P. 680-691. doi: 10.1017/S0022381611000387
15. Fernández Mosquera S. Quevedo and his contribution: From *Discurso de las privanzas to Como ha de ser el privado* // *Bulletin of Spanish Studies*, 2013. - №90(4-5). - P. 551-576. doi: 10.1080/14753820.2013.802566
16. Burch L. A modest proposal: Reframing the frontispieces of Madeleine de Scudéry's conversations (1680-1692) // *Seventeenth-Century French Studies*, 2012. - №34(1). - P. 52-67. doi: 10.1179/0265106812Z.0000000005
17. Cañete Quesada C. The rhetorics of flattery in the literature of Spanish exiles in the Dominican Republic: The case of Enrique Lopez Alarcon // *Hispanic Review*, 2012. - №80(1). - P. 127-146. doi: 10.1353/hir.2012.0004
18. Viroli M. (2011). *The liberty of servants: Berlusconi's Italy*. - Princeton University Press, 2011. - 178 p.
19. Yang J. The politics of Pai Ma Pi: Flattery as empty signifiers and social control in a Chinese workplace // *Social Semiotics*, 2014. - №24(1). - P. 1-18. doi: 10.1080/10350330.2012.752159
20. Keeves G.D., Westphal J.D., McDonald M.L. Those closest wield the sharpest knife: How ingratiation leads to resentment and social undermining of the CEO // *Administrative Science Quarterly*, 2017. - №62(3). - P. 484-523. doi: 10.1177/0001839216686053
21. Cavazza N., Guidetti M. Captatio Benevolentiae: Potential risks and benefits of flattering the audience in a public political speech // *Journal of Language and Social Psychology*, 2018. - №37(6). - P. 706-720. doi: 10.1177/0261927X18800132
22. Danziger R. The pragmatics of flattery: The strategic use of solidarity-oriented actions // *Journal of Pragmatics*, 2020. - №170. - P. 413-425. doi: 10.1016/j.pragma.2020.09.027
23. Danziger R. The democratic king: The role of ritualized flattery in political discourse // *Discourse and Society*, 2021. - №32(6). - P. 645-665. doi: 10.1177/09579265211023224
24. Kahalon R., Shnabel N., Becker J.C. "Don't bother your pretty little head": Appearance compliments lead to improved mood but impaired cognitive performance // *Psychology of Women Quarterly*, 2018. - №42(2). - P. 136-150. doi: 10.1177/0361684318758596